

«Насыр Смағұлов атындағы мектеп-лицейі» КММ-нің бастауыш сыныптар бойынша 0-дік кірме бақылау жұмысының талдауы

Кіріс бақылау жұмысы 2025–2026 оқу жылының басында 2–4 сынып оқушылары арасында өткізілді.

Мақсаты:

- Оқушылардың өткен оқу жылында меңгерген білім деңгейін анықтау;
- Негізгі пәндер бойынша олқылықтарды айқындау;
- Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын нақтылау.

Бақылау жұмысы келесі пәндер бойынша алынды:

- Қазақ тілі
- Әдебиеттік оқу
- Математика
- Дүниетану

Кіріс бақылау нәтижелерін пәндер бойынша диагностикалық талдауы

Сыныптар	Оқушылар саны	пәндер %			
		қазақ тілі	матемематика	дүниетану	русский язык
2 А	19	70	65	80	-
2Ә	14	42	50	42	-
2Б	16	-	100	100	87
3А	18	61	72	85	-
3Ә	20	63	68	75	-
3Б	12	-	100	100	83
4А	17	77	77	77	-
4Ә	16	76	81	100	-
4Б	17	-	65	75	53
4В	21	-	52,3	80	71
барлығы	170	64	73	81	73

Пәндер бойынша талдау

Қазақ тілі

Оқушылардың көпшілігі:

- Сөз таптарын ажырата алады;
- Сөйлем мүшелерін анықтайды;
- Диктант жазуда орфографиялық нормаларды сақтайды.

Қиындық тудырған тақырыптар:

- Тыныс белгілерін дұрыс қою;
- Күрделі сөздердің жазылуы;
- Морфологиялық талдау жасау.

Математика

Жаксы меңгерілген:

- Қосу, азайту амалдары;
- Көбейту кестесі;
- Жай және күрделі есептер шығару;
- Өлшем бірліктерін салыстыру, күрделі теңдеулерді шеш.

Қиындықтар:

- Көп амалмен орындалатын есептер;
- Есептің шарты, сұрағын шешуінде;

Әдебиеттік оқу

- Сөздерді тұтас, қатесіз оқу;
- Буындап оқудан тұтас сөзбен оқуға көшу;
- Мәтін мазмұнын өз сөзімен айту

Дүниетану

- Негізгі ұғымдарды біледі.
- Табиғат құбылыстарын ажыратуда қателіктер кездеседі.
- Тәжірибелік сұрақтарға жауап беру барысында ойды толық жеткізбеу байқалады.

Қиындық көрген оқушылармен жұмыс

Кіріс бақылау нәтижесінде төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар анықталды. Олармен:

- Қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі;
- Қайталау сабақтары ұйымдастырылады;
- Ата-аналармен байланыс күшейтіледі;
- Саралап оқыту әдістері қолданылады.